

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

*2024 жылғы
27 тамыз*

*Шымкент
қаласы*

Қатысқандар: 6

***Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің
негізгі бағыттары***

Күн тәртібінде:

1.ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 30.07.2024ж. № 194 бұйрығымен таныстыру
Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

3. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

4. Бөбекжайдың сараптау және аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. сөз алды, ол барлық қызметкерлерді жаңа оқу жылы-мен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстарға жете беруді тіледі. Ол биылғы жылдық жоспардағы өзгерістерді толық түсіндіріп өтіп, жоспарды бекітті. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 30.07.2024ж. № 194 бұйрығымен таныстырып, жұмыс жасауды ұсынды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда әдістемелік

ұсынымдар өткізді. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын оқыды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Бөбекжай-бақша қызметкерлерінің жұмыс кестесі, лауазымдық міндеттері бекітілсін. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттандырушылық деп есептелсін.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ильясова Ж.Қ. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылап және бекітуді ұсынып, педагогикалық ұжымды нормативтік құжаттармен, мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен, мектепке дейінгі үлгілік оқу жоспарымен, әдістемелік нұсқаулық хатпен толық таныстырып, толық мәлімет берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

Төртінші мәселе бойынша Бөбекжайдың сараптау және аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту бойынша әдіскер Ильясова Ж.Қ. сөз сөйледі. Ол педагогтердің кәсіби дамуы өзекті мәселе екенін айта келе сараптау және аттестаттау комиссиясына біліктілік санаты жоғары педагогтерді қоюды ұсынды.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б

№ 2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

2025 жылғы
30 қаңтар
Қатысқандар : 6

Шымкент
қаласы

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды "экология" терминімен таныстырып, табиғатты аялауға, бағалауға, таза ұстауға үйрету.

1. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру. (табиғат аясындағы жұмыстарды қалыптастыру

Тәрбиеші Испанова Ұ.

2. Көрме «Қоқысты-табысқа айналдырайық!» Жарамсыз қалдықтардан-ойыншықтар жасау

Тәрбиеші Рахимова Б.

3. «Ұлттық үстел үсті ойындары»

Тәрбиеші Жакипова М.

4. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиеші Испанова Ұ. сөз алды, ол «Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Баяндама мазмұнды жазылған.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Рахимова Б. сөз алды. Ол «Қоқысты-табысқа айналдырайық!» тақырыбында көрме ұйымдастырды. Мақсаты негізінде жарамсыз қалдықтардан ойыншықтар жасау болып табылады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Көрме жүйелі және сапалы ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша «Ұлттық үстел үсті ойындары» тақырыбында тәрбиеші Жакипова М. баяндама оқыды. Ол рухани тәрбиені және критикалық ойлауды дамыту бойынша тәжірибе бөлісті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

тәрбиеші Жакипова М. Баяндамасы «Ұлттық үстел үсті ойындары» тақырыбында жазылған баяндамасы маңызды, әдістемелік бөлмеге жас мамандарға көмек ретінде қойылсын.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Разимова Б.

**“Әмір ата” бөбекжай-бақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

ХАТТАМА

2024 жылғы 5 ақпан
Шымкент қаласы

№ 2

**Кезектен тыс педагогикалық
кеңесі**

Төрайымы – Ильясова Ж.Қ.

Хатшы – Рахимова Б.К.

Қатысқандар – 6 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы. Ильясова Ж.Қ.**
- 2. Комиссияның жұмыс жоспарын бекіту.**

1. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің мемлекеттік аттестаттау кесесімен таныстырды.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу.
3. Сонымен қатар оқу жұмыс жоспарлары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет, режимдік ҰІӨ өту уақыты балалардың жас ерекшелігіне сай жасалынуы туралы, жылдық жоспар бойынша атқарылған 3 жылдық жұмыс нәтижелерінің болуы туралы айтылды.
4. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және баланың жеке даму картасының талдауы, балалардың жасын ескере отырып жас топтарын қалыптастыруды сақтау туралы айтылды.
5. Педагогтердің электрондық портфолиосына барлық құжаттарды жүктеу.
6. Балабақшаның ресми интернет-сайтына орналастыру бойынша ескертілді.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.
2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:
Комиссия төрайымы-бөбекжай-бақша меңгерушісі - Ильясова Ж.Қ.
Мүшелері: бөбекжай-бақша тәрбиешісі - Рахимова Б.
бөбекжай-бақша тәрбиешісі - Испанова Ұ.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымына бағалау жүргізілсін.
4. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытынан кешіктірілмей бақшаның ресми интернет сайтына орналастырсын.

Төрайымы

Ильясова Ж.Қ.

Хатшы

Рахимова Б.

